мәдениетті «жалпы қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі, ал оның мәні құқық саласы мен заң тәжірибесінен асып түседі»-деп көрсетеді. Шын мәнінде де, мәдениет деңгейі жоғары дамыған қоғамда құқықтық мәдениеттің де қалыптасып дамуы заңдылық. Құқықтық мәдениеттің тағы бір түсініктемесін құқықтанушы ғалым А.В.Турлаев береді. Ол: «құқықтық мәдениет пен адам құқығы - бұл жеке тұлға еркіндігінің шегін және оны тиімді түрде іске асыру тетіктерін анықтайтын өзара байланысты құбылыстар»-деп есептейді. Құқықтық мәдениет - қоғам мен адам мәдениетінің ажырамас бір элементі. Ол тұтастай алғанда қоғамның моральдық-құқықтық деңгейін көрсететін әлеуметтік-нормативтік жүйенің бір жағы. Құқықтық мәдениет әрбір жеке тұлғаның құқықтық білім мен дағдыларды, құқықтық мінез-құлық ережелерін қабылдау көрсеткіші және құқықтық нормаларды жүзеге асыру қабілеті [5, 30-31]. Сонда қоғамдағы құқықтық мәдениет деңгейін арттыруда құқықтық тәрбие мен білім берудің маңызы өте зор. Тұлғаны құқықтық қалыптастыру (кейде кең мағынасында «құқықтық тәрбие» деп аталады) әр түрлі факторлардың әсерінен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың бүкіл көп қырлы процесі ретінде түсіндіріледі (экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық және т.б.).

Ал тар мағынасында құқықтық тәрбие - бұл жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында адамдардың санасына әсер етудің мақсатты процесі болып табылады. Оның міндеттерінің құрамына мыналар кіреді:

- заңдарды білу;
- заңға деген ішкі құрмет;
- құқықтық білімді тәжірибеде қолдана білу;
- құқықтық нормаларға сай әрекет ету әдеттері.

Құқықтық тәрбие құқықтық тәрбиелеу процесін құрайтын элементтер жүйесін біріктіреді. Құқықтық тәрбиелеу жүйесіне субъектілер (тәрбиешілер), объектілер (тәрбиеленушілер) және құқықтық тәрбиелеу іс-шаралары (нысандар, құралдар, әдістер) жатады [2, 496]. Ендігі әрқайсысына сипат-

тама беріп өтейік. Біріншіден, құқықтық тәрбиелеу жүйесінің субъектілері болып тәрбиешілер табылады. Тәрбиешілер ретінде отбасы, білім беру ұйымдары және әлеуметтік топтар болуы мүмкін. Әсіресе, құқықтық тәрбиелеу процесінде отбасы маңызды рөл атқарады. Себебі отбасы - баланың алғашқы және негізгі тәрбиелену ортасы. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер, қанат қағар ұясы және алтын бесігі. Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат-мұраттардың қатарында ең негізгісі – өзінің өмірін, тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Себебі, ұрпақ тәрбиесі келешегімізді берік ететін басты фактор болып саналады. Осы орайда, «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығына жүгінер болсақ, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы ата-ана тәрбиесінен бастау алады. Түркі әлемінің белгілі ойшылы Жүсіп Баласағұн: «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастаған кезден-ақ баланы шектен тыс шолжаңдатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бірі болып саналады³. Осы орайда әрбір ата-ана баланың өз құқықтары мен міндеттерін білуіне, тәртіпті болуына жол сілтеуі тиіс.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі - жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды жауапкершілікті сезінуге үлесін қосатын субъектілердің бірі – білім беру ұйымдары болып саналады. Оқу орындарында жасөспірімдердің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық және т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді⁴. Тәрбие - бұл алға белгілі бір мақсат қоя отырып тұлғаны әлеуметтік өмірге даярлау, баланың психикасына жүйелі әсер ету, бойына

³ «Отбасы тәрбиесі - қоғам негізінің бастауы» // Білімділер нормалы: <https://bilimdiler.kz/ustaz/4194-otbasy-tarbiesi-kogam-negizinin-bastauy.html>. 06 наурыз 2013, Сәрсенбі

⁴ «Қоғам және құқықтық тәрбие» Автор: Айтжанова Айдана // <https://bilim-all.kz/article/4793-Qogam-zhane-quyqytyq-tarbie>. 19.01.2017.

адамгершілік қасиеттерін сіңіру, өмірге, еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру процесі. Әлеуметтік өмірге даярлау екі жақты әсер ететін үрдіс: адамгершілік нормаларын меңгерту және тәртіп пен мінез-құлықтың тәжірибесін жинақтату болғандықтан жасөспірімдердің дамуын қоршаған ортасымен үйлесімділікте жүзеге асыру қажет. Мамандардың айтуынша, жасөспірім шақ – қиын әрі күрделі кезең деп есептеледі. Жасөспірім шақта өмірлік құндылықтарды ізденумен қатар өмірлік көзқарастар қалыптасады. Осы ретте, педагогтар мен ата-аналар қауымы құқықтық тәрбие беруде жасөспірімдердің жас және жеке тұлғалық ерекшеліктерін негізге алуы маңызды.

Ал тәрбиеленушілер санатына оқушылар, студенттер және жалпы әлеумет жатқызылады. Аталған санаттағы тұлғаларға құқықтық тәрбие беру білім беру ұйымдарының аудиторияларында, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерде жүзеге асырылады. Келесі элемент құқықтық тәрбиелеу іс-шаралары (нысандар, құралдар, әдістер). Құқықтық тәрбие беру нысандарының түрлері келесідей:

- құқықтық білім беру (жоғары және орта арнаулы оқу орындары мен мектептегі арнайы дайындық жұмыстары);

- құқықтық насихат (дәріс залдары, қоғамдық кеңестер, теледидар, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. арқылы құқықтық тәрбиелеу);

- құқық қорғау органдарының құқық бұзған тұлғаларды құқықтық тәрбиелеуі (яғни, ішкі істер органдарының, соттардың, прокуратураның, атқарушы органдардың және т.б. құқықтық тәрбиелеу қызметі);

- заң практикасы (әсіресе құқық қорғау органдарында іс-тәжірибеден өтуші студенттер үшін маңызды) [2, 497].

Жалпы, құқықтық тәрбиенің мақсаты болып оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық іс-әрекет қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу табылады. Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу олардың қылмыстық құқықбұзушылық әрекеттер жасауының алдын алуға, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз жағдайлардан тартынуы-

на, қоғамда пайдалы іспен шұғылдануына жәрдемдеседі⁵. Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетте жастарға құқықтық тәрбие беру ісіне басымдылық беріліп келеді. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін дұрыс түсінбеушілік қоғамда жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды дарыту және оны мінез-құлық нормасына айналдыру құқықтық тәрбиенің басты міндетінің бірі болып табылады [6, 158-159]. Негізінен, азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруда тәрбие беру нысандарының бірі - құқықтық білім берудің маңызы өте зор. Елімізде тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап күні бүгінгі дейін құқықтық білім беру мәселесіне баса мән беріліп келе жатыр. Осы орайда мемлекет тарапынан құқықтық білім беру жүйесін заңнамалық тұрғыда реттеуге қатысты маңызды нормативтік-құқықтық актілер қабылданған болатын. Соның бірі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №2347 қаулысының негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқытутұжырымдамасын» атап өтуге болады. Жалпы, нормативтік құжат өзінің заңдық күшін жойғанымен құқықтық білім беру мәселесін шешуде әлі де өзекті. Тұжырымдамада оқушыларды құқықтық оқытудың басты міндеті ретінде құқықтық тәрбиенің бүкіл кешенін биік құқықтық сана мен заңды қастерлеу дәстүрін қалыптастыруға жұмылдыру көзделген. Тұжырымдаманың мақсаты - құқықтық мәдениет негіздерін қалау болып саналады. Яғни, құқықтық білім беру - құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деңгейін қалыптастырушы негізгі нысан. Тұжырымдамада құқықтық оқытудың негізгі мәселелері аталып көрсетіледі. Мәселен, құқықтық мемлекет құру жағдайында жастар арасындағы қылмыстық ахуал мен орта және жоғары оқу орындарында

⁵ «Құқықтық тәрбиенің маңызы зор» Автор: Бейбітгүл Тұтқабекова // <http://anatili.kazgazeta.kz/news/40086>. 17 Қараша, 2016.

құқықтық оқытудың төмен деңгейі алаңдаушылық туғызады. Оқу бағдарламаларына сәйкес орта білім беру ұйымдарында құқық негіздері пәні тек 9 сыныпта жүргізіледі және оны оқушылар 32-34 сағат көлемінде бір жыл оқиды. Құқықты жоғары сыныптарда ғана оқыту кеш болады, өйткені құқықтық сана негіздері, тұлғаны қалыптастырудың іргетасы едәуір ертерек қалануға тиіс. Кәмелетке толмағандардың ауыр қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілігі 14 жастан басталатындығын да ескеру қажет. Мектеп оқушылары осы жаста-ақ белгілі бір мөлшерде құқықтық білім алуға тиісті. Құқықтың негізгі принциптері адамгершілік қасиеттермен байланысты екенін ескере отырып, мектепте дейінгі тәрбие мекемелерінде балаларға қоғамдық нормалар «әліппесін» оқыту қажет⁶. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негізінде қолға алынған жаңа «Құқықтық сана – қауымға пана» арнайы жобасы аясында құқықтық білім беру негіздерін танымал ету бойынша кең ақпараттық науқан өткізу міндеті қойылған⁷. Осы орайда, қазіргі уақытта еліміз бойынша өскелең ұрпаққа, тұрғындарға құқықтық білім беруді жетілдіру, соған орай оқулықтар мен оқу құралдарын өмір талабына сай дайындалған заңдарға негіздеп қайта дайындау жолы алға қойылып отыр. Өйткені, мемлекет, қоғам және жеке адам іс-әрекеттерінің барлығы дерлік құқық нормалары арқылы реттеліп жүзеге асырылатыны белгілі. Демек, қоғамның әрбір мүшесі өз құқықтары мен міндеттерін заң нормалары негізінде жүзеге асыруы тиіс. Құқық нормалары адамның туған сәтінен бастап өмірінің соңғы сәтіне дейінгі қолданылатын заңдылық құралы. Қоғам мүшелері әсіресе, жастар конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, жер, су, экология, салық, қаржы, еңбек, отбасылық құқық салаларын білуі қажет [7, 15-18].

Құқықтық білім беруде еліміздегі білім беру ұйымдарында өткізілетін «Құқық негіздері» пәнінің жастардың құқықтық са-

насы мен мәдениетін арттыруда алар орны ерекше деп айтар едім. Жоғарыда қарастырып өткен тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде қабылданған тұжырымдамада көрсетілген мәселені шешу мақсатында құқық негіздері пәні қазіргі уақытта 10-11 сыныптарда да өткізіледі. Дегенмен, пәнге бөлінетін сағат саны аз. Жас ұрпаққа құқықтық білім беру – оларды әр ісінде жауапты болуға, тәртіпке бағынуға, заңды құрметтеуге баулитындығын ескерсек, орта білім беретін мектептерде өткізілетін құқық негіздері пәніне берілетін сағат санын көбейту қажет. Мен өзімнің педагогикалық тәжірибемнің негізінде нақты айта аламын: аталмыш пән көптеген студенттердің құқықтық білім деңгейін арттырып, олардың қоғамдық қатынастардың заң аясында реттелетіндігін және өз құқықтары мен міндеттерін күнделікті өмірде білудің қажеттілігін түсінуге сеп болды. Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Ағыбаев «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналының 2019 жылғы №5 санында жарық көрген «Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек» атты мақаласында: «Әрбір отбасы бала тәрбиесінде дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының тиімді жақтарын ұрпақтар санасына сіңіріп, оларды заңды құрметтеуге, әділеттілікке, турашылдық жолға түсетіндей етіп тәрбиелеуі қажет. Балабақшаларда еліміздің Ата Заңы – Конституцияда көрсетілген адамның, азаматтың басты құндылықтары – құқықтары мен бостандықтары туралы айқындалған түсініктердің мазмұнын, мемлекеттің, мемлекет рәміздерінің маңызын, мемлекеттік құрылысының негізгі ұғымдарын түсіндіруі тиіс. Орта мектепте оқытылатын құқық негіздері пәнін қайта сапалы түрде дайындап, оны Конституцияға негіздеп шығару керек, осы пәнге бөлінген сағат санын көбейтіп, бір жүктемеге толтырып, дәріс беретін пән мұғалімінің арнаулы заң білімі болуына талап қойған жөн. Өйткені, білім сапасы ұстаздың мамандығына, білгірлігіне тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жалпыға бірдей еңбек қоғамының 20 қағидалары» атты

⁶ Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №2347 қаулысының негізінде қабылданған «Қазақстан Республикасында оқушы-жастарды құқықтық оқытудың тұжырымдамасы» (Күшін жойған) // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2021 жыл.

⁷ Құқықтық сана – қауымға пана | Рухани Жаңғыру // <https://ruh.kz/ru/page/tyty-sana-auiyuma-pana>

мақаласында да құқық негіздері оқу құралын даярлау, жоғары оқу орындарын бітірген жастардың құқықтық білімді меңгеру қажеттілігі нақты көрсетілген. Осыған орай, аталған пән бойынша жаңа оқу құралын дайындау қажеттілігі өзінен-өзі туындап отыр»-деп нақты атап көрсетеді [8, 15-20]. Шын мәнінде, ғалымның айтқан пікірі өте дұрыс. Құқықтық білім берудің алғашқы элементтері балабақшадан басталуы тиіс. Жоғарыда атап өткен тұжырымдамада да мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қоғамдық нормалар «әліппесін» оқыту қажеттілігі аталады. Балабақшаларда құқықтық білім берудің формасы өте қарапайым түрде болуы тиіс. Яғни, бүлдіршіндерді тәртіпті болуға, белгілі бір ережелерді орындауға, үлкендерді сыйлауға үйрету, Отан туралы түсінік беру олардың бойында патриоттық сезімді арттырып, нормаға сай әрекет ету дағдыларының бірінші кезеңдегі белгілерін қалыптастырады. Құқықтық білім беру барысында жастарға Қазақстан Республикасының Конституциясы жөнінде теориялық мағлұмат беру де негізгі бағыттардың бірі болуы қажет. Әр азаматтың құқықтық санасын арттыруда Ата Заңның рөлі зор. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, жете түсініп, оқитын болсақ, мемлекеттің Негізгі Заңында бекітілген құқықтарымыз бен міндеттеріміз барын білеміз. Екіншіден, Ата Заңдағы құқықтарымыз мен міндеттерімізді жетік білсек, құқықтық сауаттылық жоғарылайды. Үшіншіден, құқықтық сауаттылықтың жоғары болуы құқықтық сананың артуына тікелей ықпал етеді. Төртіншіден, құқықтық сананың артуы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастырудың алғышарты. Сондықтан, өскелең жас ұрпақ Ата Заңның ел егемендігін нығайтудағы рөлін жете түсініп, тағылымды құқықтық тәлім-тәрбие алуы тиіс [9, 4].

Құқықтық мәдениет деңгейін арттыруда қабылданған тағы бір бағдарлама - «Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 29 қарашасында қабылдаған

№1116 Қаулысы. Аталған бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасы азаматтарының құқыққа сай мінез-құлқына қол жеткізу болып табылады. Ал міндеттері төмендегідей:

- Қазақстан заңнамасын түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- мемлекеттік қызметшілердің және жалпы халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру;

- бұқаралық ақпарат құрамдарымен қарым-қатынас, құқықтық түсіндіру жұмыстарында жаңа ақпараттық технологияларды, оның ішінде әлемдік «Интернет» жүйесін қолдану;

- құқықтық түсіндіру жұмыстары және құқықтық оқыту жұмыстарының өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді жандандыру. Бағдарламада аталған міндеттерді шешуде құқықтық тәрбие беру нысандарының бірі - құқықтық насихаттың рөлі зор. Республика аймақтарындағы тұрғындар үшін құқықтық түсіндіру жұмысының әртүрлі қырлары бойынша: «Конституция - мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының кепілі», «Адам саудасы - өркениеттің кері кетуі», Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларын түсіндіру бойынша «Мүлікті жария етуде өз мүмкіндігіңізді жіберіп алмаңыз», «Әділет органдарының, прокуратураның, құқық қорғау органдарының жұмысы туралы», «Халыққа қызмет көрсету орталықтары туралы», «Жастар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу» және басқа тақырыптарда дәрістер топтамасы ұйымдастырылды. Мүлікті жария ету мәселелері бойынша ауылдық жерлерде жиындар, еңбек ұжымдарында кездесу-әңгімелер өткізілген болатын. Мерзімді баспасөз басылымдарында құқықтық тақырып бойынша тұрақты айдарлар ашу және ақпараттық материалдарды орналастыру жұмыстары жүргізілді. Республикалық электронды бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық тақырып бойынша телевизия бағдарламалары мен радиохабарларын, жарнамалық бет-бейнелік роликтер жасау жөніндегі шаралар кешені жүзеге асырылады. Құқық қорғау органдарының жәрдемімен құқықтық бағдарламалар және құқықтық тақырып бойынша ради-

охабарлар жасалып, жұмыс істеуде⁸. Мысал ретінде, қазіргі таңда телевизия саласы бойынша «Еуразия бірінші арнасында» көрермендерге заңды құқықтары мен міндеттерін түсіндіру мақсатында «Заң сөйлесін» бағдарламасы ұсынылуда. Әрбір бағдарлама аясында нормативтік актілер мен қабылданып жатқан заң ережелерін түсіндіретін 5-6 сюжет, жекелеген оқиғалар және детективтік зерттеу көрсетіледі. Қиын жағдайға тап болған телекөрермендер редакцияға хабарласып, заңгердің білікті кеңесін ала алады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – көрерменге белгілі бір даулы мәселелерден заң шеңберінде қалай шығуға болатынын көрсету болып табылады⁹. Бағдарлама азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Себебі, бағдарламаны көрген әр азамат еліміздегі қабылданып жатқан заңнамаларды, олардың қоғам үшін тиімділігі мен кемшілігін біледі және сол арқылы заңдарға деген көзқарасы, яғни құқықтық санасы қалыптасады. Құқықтық санасы жоғары тұлға қоғамда өз іс-әрекетін заң нормаларына сай жүзеге асырады. Бұл әрине, өз кезегінде, құқықтық мәдениетті арттыруға тікелей сеп болады. Сонда азаматтардың құқықтық санасын арттыруда бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы зор. Мемлекетте қабылданған заңдардың мазмұны мен маңыздылығы бұқаралық ақпарат құралдары болып табылатын газет-журналдар, телерадио арналары арқылы халыққа түсіндіріліп отыруы маңызды. Бірақ бір ескере кететін жайт, заңнамаларға жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік органдардан шығарылатын жаршыларда, республикалық газет-журналдарда, маңыздылығы жоғары болса ғана бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланады. Ал ол өзгерістер мен толықтырулардың мемлекет пен қоғамда қандай көлемде жұмыс жасап жатқандығы азаматтарға беймәлім күйде қалып отырады. Сондықтан заңнамаларға легальді түсініктеме берілуі керек¹⁰. Бұл жердегі легальді

түсініктеме дегеніміз - мемлекетте қабылданған заңнамаларға, нормативтік-құқықтық актілерге ресми түсіндірме беруді өзіне міндет ретінде алған арнайы органдар жүзеге асыратын түсіндіру жұмысын айтады. Елімізде азаматтарға заңнамалар бойынша Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі өзіне берілген өкілеттігі шегінде легальді түсініктеме беруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады [10,61-62]. Легальді түсініктеме беруде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегінде жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында: «Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дүдәмал тұстар азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс»-деп нақты айтқан болатын [11,2]. Осы ретте, елімізде зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін пайдалану туралы заң қоғамның қызу талқысынан өтті және оған Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарғы палатасы - Сенат тиісті өзгертулер енгізіп, оны төменгі палата - Мәжіліс мақұлдап, заң жобасы қабылданды¹¹. Қазіргі кезде заң жобасының мазмұнына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жүйелі түрде легальді түсініктеме берілуде. Басқа да халық игілігі үшін қабылданған заңдардың маңыздылығы жөнінде құқықтық насихат және түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып отыру керек. Бұл өз кезегінде халықтың заңға деген сенімділігін нығайтып, құқықтық сауаттылықтарын арттыра түседі.

Азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруда «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы

⁸ «Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 29 қарашасында қабылдаған №1116 Қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2021 жыл.

⁹ «Заң сөйлесін - №138 шығарылым». Еуразия бірінші арнасының ресми сайты: <https://1tv.kz/kz/za-s-ylesin/>

¹⁰ Қазақстанның конституциялық дамуы» Дарибаев Ф.С., Консультациялық көмек көрсеткен жетекші: Байжұманова А. М. // <http://ksrk.gov.kz/ru/page/raboty-pobeditelley>

¹¹ 2020 жылы Қазақстанда қандай маңызды заңдар қабылданды? Автор: Айжан Қалиева, Нұр-Сұлтан // <https://azattyq-ruhy.kz/gov/17971-2020-zhyly-kazakstanda-kandai-manyzdy-zandar-kabyldandy>. 28.12.2020.

№636 Жарлығын да атап өтсек болады. Жарлықтың негізінде бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының 4-тарауы «аса маңызды серпінді өзгерістер:жүйелі реформалар» деп аталады. 4-тараудың 4-реформасында: «Сыбайлас жемқорлықсыз құқықтық мемлекет» деп көрсетілген. Реформада 2025 жылға қарай Қазақстан үшін қағидаттық өзгерістер белгіленген:

- заң шығарушылықтан – заңдарды мүлтіксіз сақтауға және құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету;

- құқықтық қорғаудың кепілдігіне сенімсіздіктен – мемлекеттік билік институттарына, тәуелсіз және әділ сот жүйесіне жоғары сенім білдіру деңгейі;

- жазалаудан – сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу;

- құқық бұзушылықтарға төзушіліктен – әсіресе сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мүлдем төзбеушілік, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын арттыру болмақ.

Реформада: «Құқықтық мемлекетті қалыптастыруда табыстың маңызды құрамдас бөлігі құқық бұзушылықтарғамүлдем төзбеушілікті орнату, азаматтардың заңды сақтаушылық мінез-құлқын және жалпы қоғамда жоғары құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады»-деп айқындалған. Реформадағы негізгі басымдық тұрақты құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Басымдықтың негізгі міндеттеріне заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің халыққа түсінікті тілдік стильде және форматта берілуін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына құқықтық оқытудың қазіргі заманғы форматтарын енгізуді қамтамасыз ету жатады. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда азаматтардың қоғамдық бақылауға қатысуын кеңейтудің рөлі ерекше¹². Сонда заңнамалар, нормативтік-құқықтық актілер мазмұны жағынан түсінікті әрі нақты жазылатын болса, бұл да халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді және қоғамда нигилистік көзқарастың туындауының алдын алады. Ал құқықтық білім беру жүйесінде оқытудың интербелсенді әді-

стерін және қазіргі заман ағымына сай жаңа ақпараттық технологияларды тиімді түрде қолдану да жастардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыра түседі. Мысалы, мен өзімнің педагогикалық тәжірибемде оқыту процесінде білім алушыларға құқықтық ситуацияларға байланысты логикалық есептерді шешуді тапсырамын. Сабақ барысында құқықтық ситуацияларды көрініс түрінде көрсету мақсатында «іскерлік және рөлдік ойындар» деген әдісті білімгерлер арасында қолдануға тырысам. Себебі, білімгерлер рөлге ене отырып, құқықтық жағдай кезіндегі мәселені шешуде заңнамаларды қарастырады, заңдарда көзделген құқықтары мен міндеттерін біледі. Ал бұл тікелей білімгерлердің құқықтық ойлау жүйесін дамытуға түрткі болады. Құқықтық ойлау жүйесі қалыптасқан тұлғаның құқықтық санасы да жоғары болатыны анық. Сондай-ақ, қазіргі пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқыту барысында құқық негіздері пәні бойынша «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы -жетекші құқық саласы» деген тақырыпта видео-дәріс өткізгенмін. Дәріс нәтижесінде білімгерлер Ата Заңда жазылған құқықтары мен міндеттерін білудің маңыздылығын түсінді және мемлекеттің негізгі заңына деген құрметі арта түсті.

Тағы бір айта кететіні, реформада құқықтық мәдениетті қалыптастыруда азаматтардың қоғамдық бақылауға қатысуын кеңейтудің рөлі ерекше екендігі көрсетіледі. Бұл бағытта Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган және қызметінің негізгі мақсаты жұртшылықтың, саяси партиялардың, азаматтық қоғамның өкілдерімен кеңінен талқылау негізінде мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар тұжырымдау болып табылады. Аталған кеңестің негізгі міндеттері келесідей:

- тұжырымдамалардың, мемлекеттік бағдарламалардың және нормативтік

¹² «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2021 жыл.

құқықтық актілердің жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу;

- жұртшылықтың және азаматтық қоғамның пікірін ескере отырып маңызды стратегиялық проблемаларды қарау;

- жұртшылықтың, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектордың және мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету;

- өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру¹³. Яғни, ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мемлекеттік органдар тарапынан қабылданған заңнамаларға, стратегиялық маңызы жоғары бағдарламаларға талқылау жүргізуді, қазіргі таңдағы қоғам мүшелері арасындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді қарастырып, оны шешу жолдарын іздестіруді жүзеге асыратын билік пен қоғам арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастырушы орган болып саналады. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруда сенім кеңесінің атқаратын жұмысының бір бағыты - заңнамаларда қоғамдағы өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілу жолдарының қарастырылуын қамтамасыз ету және сол бойынша халықтың заңдарға деген сенімділіктерін, құқықтық тәртіпті нығайту. Халықтың мемлекет тарапынан қабылданған заңдардың өз құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі мүмкіндіктеріне сенімі жоғары болса, қоғамда заң үстемдігі орнайды әрі азаматтар арасындағы құқықтық сана мен мәдениет деңгейі жоғары дәрежеде болады.

Ендігі кезекте құқықтық тәрбиелеу нысандарының тағы бір түрі - құқық қорғау органдарының құқық бұзған тұлғаларды құқықтық тәрбиелеуі жөнінде қарастырып өтсек. Аталған тәрбиелеу процесіне мысал ретінде пробацациялау қызметін айтуға болады. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробацация туралы» Заңының 1-бабында: «пробацация - санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен

жеке айқындалатын шаралар жүйесі»-деп айқындалған. Пробацацияның мақсаты болып: 1) күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу; 2) сотталған адамды әлеуметке қосу; 3) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесінен босатылған адамды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу табылады¹⁴. Яғни, пробацация жазасын өтеп шыққан азаматтардың қайтадан құқық бұзушылық әрекет жасауының алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені. Құқық қорғау органдары жазасын өтеп шыққан азаматтарға әлеуметтік-психологиялық және құқықтық тұрғыда қолдау шараларын жүргізеді. Арнайы заңнамалар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу де олардың құқықтық сана-сезімін қалыптастырып, құқық бұзушылық жасаудың бұрыс әрекет екендігін түсінуге және сол арқылы қоғамда тәртіп пен тұрақтылық орнатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, заң практикасының да құқықтық тәрбиелеу процесінде алатын орны ерекше. Орта кәсіптік және жоғары оқу орындарының заң факультеттерінде білім алатын студенттер құқық қорғау органдарында іс-тәжірибеден өту барысында құқық қорғау қызметіне қатысты мамандардан консультациялар алады, мамандар білімгерлерге іс-қағаздармен жұмыс істеуді үйретеді. Бұл болашақ заңгерлердің құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруға оң әсерін тигізеді.

Қорытынды бөлім. Қорыта айтқанда, құқықтық тәрбие мен білім беру азаматтардың құқықтық сана-сезімі мен мәдениетін арттыруға мүмкіндік беретін негізгі жол. Биыл ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесі аталып өтіледі. Тәуелсіздіктің ширек ғасырын бағындырған Қазақстан қазіргі таңда әлем мойындаған, халықаралық аренада өзіндік беделі бар мемлекетке айналды. Орда бұзар 30 жылдың ішінде елімізде Тұңғыш Президент-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен көптеген саяси-құқықтық реформалар жүзеге асырылып келеді. Негіз-

¹³ Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 шілдедегі №63 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы ереже // https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-erezhesin-zhane-kuramyn-bekitu-turaly

¹⁴ Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы «Пробацация туралы» Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2021 жыл.

гілерін жоғарыда қарастырып өттік. Жалпы, саяси-құқықтық реформаларды жүргізудегі басты мақсат - қоғамда заң үстемдігін орнату, халықтың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Реформалар өзінің тиімді нәтижесін беруде. Бірақ, қоғам алдында халықтың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыруда кезек күттірмейтін міндеттер әлі де тұр. Сондықтан, осы орайда азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениет деңгейін арттыруға байланысты өзімнің негізгі ұсыныстарымды айтып өтсем:

- біріншіден, орта және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында «Құқық негіздері» пәнін жалпы білім беру және міндетті пәндер компонентіне кіріктірсе, сондай-ақ, пәнге бөлінетін сағат санын көбейтсе, бұл өскелең жас толқынның құқықтық санасын арттыруға әсер етеді. Аталған ұсыныс құқықтық мемлекет концепциясын іске асырудың және азаматтық қоғам институтын дамытудың алғышарты болар еді.

- екіншіден, орта және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында «Құқық негіздері» пәнінен сабақ беретін оқытушылар санын көбейту керек. Бұл орайда, жоғары оқу орындарында құқықтық пән оқытушыларын даярлайтын «Құқық және экономика негіздері» мамандығының сапалық дәрежесін арттыру қажет және осы мамандыққа түлектерді көбірек тарту маңызды. Бір ескере кететін жайт, білім беру барысында аталмыш пәннен тарих пәнінің мұғалімдері сабақ беретіндігін білеміз. Бірақ, менің ойымша, бұл пәннен арнайы жоғары заңгерлік білімі бар оқытушылар сабақ бергені дұрыс болар еді. Өйткені, тарих пәнінің оқытушылары көбінесе заңнамалардың тарихи аспек-

тісін негізге ала отырып, білім алушыларды құқықтың пайда болу тарихымен таныстырады. Ал құқықтың жекелеген салаларын, қоғамдық қатынастарды заң аясында реттеудің жолдарын заңгерлік білімі бар оқытушылар нақтылы нормативтік-құқықтық актілерді, мысалыға, Конституцияны, кодекстерді негізге ала отырып түсіндірер еді. Бұл да білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға түрткі болады. Осы жерде, менің тағы бір ұсынысым, не болмаса тарих пәнінің оқытушылары құқық негіздері пәнінде нақтылы заңнамаларды негізге ала отырып, сабақ жүргізсе, білім алушылардың құқықтық құбылыстар жөнінде теориялық білімдері арта түсері анық.

- үшіншіден, қазіргі қоғам жағдайындағы жасөспірімдер арасындағы түрлі сипаттағы құқықбұзушылықтардың алдын-алу, олардың құқықтық санасын арттыруда құқықтық, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін жүзеге асыратын кешенді кабинеттің қызметін ұсынар едім. Аталған кабинетте заңгер-кеңесші, психолог және әлеуметтік педагог сияқты мамандар жұмыс жасайды. Жасөспірімдермен жүйелі түрде жұмыс жүргізетін кеңес беру кабинетінің құрылуы, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылықтарға баруының алдын алады. Жалпы, қоғамның құқықтық мәдениетін арттырамыз десек, ең алдымен, жасөспірімдермен жүйелі бағытта жұмыс жүргізудің маңызы зор. Құқықтық мәдениеті жоғары мемлекетте тұрақтылық пен бейбітшілік орнайтыны және соның нәтижесінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы дамытындығы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007. - 336 б.
2. Рассказов Л.П. Теория государства и права: углубленный курс: Учебник. - М: РИОР: ИНФРА-М, 2015. - (Высшее образование: Бакалавриат). - <http://www.cdodd.ru/storage/files/2/7426.pdf>
3. Ибраева А.С., Алимбекова М.А., Дюсебалиева С.С. Основные научные подходы к исследованию правовой культуры в современной юридической науке // Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана» - 2016 год. - №6 (42) - С. 24-27.
4. Ахметов А.С. Правосознание как элемент правовой культуры казахстанского общества // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2014. - №4 (72) - С. 37-38.

5. Ахметов А.С. Проблемы типологии правовой культуры // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2014. - №2 (70). 2014. С. 30-31.
6. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Ә., Ильясова Р. Педагогика: Оқулық. 3-басылым. - Астана: Фолиант, 2014. - 472 б.
7. Ағыбаев А.Н. Қазақстан құқығы пәні жетілдіруді қажет етеді // «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. - 2019. - №7. - Б. 15-18.
8. Ағыбаев А.Н. Құқықтық мемлекетке білімді заңгерлер керек // «Заң» республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журналы. - 2019. - №5. - Б. 15-20.
9. Дәрібаев Ғ. Құқықтық сананы арттырады // «Жетісу» Алматы облыстық қоғамдық саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. - 29 тамыз, 2020 жыл. - №93-94 (18802). - Б. 4.
10. Дарибаев Ғ.С. Рухани жаңғыру аясындағы құқықтық сана ұғымының теориялық негізі мен азаматтардың құқықтық санасын қалыптастырудың негізгі мәселелері // «I Международное книжное издание стран Содружества Независимых Государств / «Лучший молодой ученый – 2020»: I международная книжная коллекция научных работ молодых ученых – Нур-Султан – 2020. V том. С. 61-62
11. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегінде жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы // «Жетісу университеті» Алматы облыстық қоғамдық-саяси жастар газеті. - 26 қыркүйек 2019 жыл. - №9 (186) Б. 2.

REFERENCES

1. Sapargaliev G.S., Ibraeva A.S. Teorija gosudarstva i prava: Uchebnik. - Astana: Foliant, 2007. - 336 s.
2. Rasskazov L.P. Teorija gosudarstva i prava: uglublennyy kurs: Uchebnik. — M: RIOR: INFRA-M, 2015. - (Vysshee obrazovanie: Bakalavriat). — <http://www.cdodd.ru/storage/files/2/7426.pdf>
3. Ibraeva A.S., Alimbekova M.A., Djusebalieva S.S. Osnovnye nauchnye podhody k isledovaniju pravovoj kul'tury v sovremennoj juridicheskoy nauke // Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Nauka i zhizn' Kazahstana» - 2016 god. - №6 (42) - S. 24-27.
4. Ahmetov A.S. Pravosoznanie kak jelement pravovoj kul'tury kazahstanskogo obshhestva // Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja. - 2014. - №4 (72) - S. 37-38.
5. Ahmetov A.S. Problemy tipologii pravovoj kul'tury // Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja. - 2014. - №2 (70). 2014. S. 30-31.
6. Kurmanalina Sh., Mukanova B., Galimova A., Il'jasova R. Pedagogika: Uchebnoe posobie. 3-e izdanie. - Astana: Foliant, 2014. - 472 s.
7. Agybaev A.N. Қазақстан құқығы пәні зhetildirudi қazhet etedi // «Заң» respublikalyқ құқықтық, ғылыми-практикалық zhurnaly. - 2019. - №7. - Б. 15-18.
8. Agybaev A.N. Құқықтық memleketke bilimdi заңгерler kerek // «Заң» respublikalyқ құқықтық, ғылыми-практикалық zhurnaly. - 2019. - №5. - Б. 15-20.
9. Dəribəev F. Құқықтық sanany arttyrady // «Zhetisu» Almaty oblystyқ қоғамдық saјasi, əleumettik-jekonomikalық gazeti. - 29 тамыз, 2020 zhyl. - №93-94 (18802). - Б. 4.
10. Daribaev F.S. Ruhani zhaңgyru aјasyndaғы құқықтық sana ұғымynың teorijalyқ negizi men azamattardyң құқықтық sanasyn қalyptastyrudың negizgi мәseleleri // «I Mezhdunarodnoe knizhnoe izdanie stran Sodruzhestva Nezavisimyh Gosudarstv / «Luchshij molodoj uchenyj-2020»: I mezhdunarodnaja knizhnaja kollekcija nauchnyh rabot molodyh uchenyh – Nur-Sultan – 2020. V tom. S. 61-62.
11. Қазақстан Respublikasynың Prezidenti Қ. Тоқаevтың 2019 zhyldың 2 қyrkyјeginde zharijalаған «Syndarly қоғамдық dialog – Қазақstannyң тұрақтылығы мен өrkendeuiniң negizi» attы Zholdauy // «Zhetisu universiteti» Almaty oblystyқ қоғамдық-saјasi zhastar gazeti. - 26 қyrkyјjek 2019 zhyl. - №9 (186) Б. 2.